

*Әкімімізге, Мектепке*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Тобы: «Гүлдер» тобы

Күні: 02.09.2022ж

Тәрбиеші: Нурмухаммедова.Т.Т

Білім беру саласы: Таным.Әлеуметтік орта

Бөлімі: Вариатив.Экология

Тақырыбы: Табиғат туралы не білеміз?

Мақсаты: Ерте жастан бастап балаларды табиғат, қоршаған ортаның тірі табиғат үшін маңызын түсінеді.Адамдар еңбегін бағалай алады.

Қолданылатын көрнекілік құралдар мен жабдықтар:табиғатың суреттері

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
<p>Мотивациялық-козғаушылық</p>	<p>Біз қай мемлекетте тұрамыз, елбасы, әнұран. «Табиғат дегеніміз не?» -балалар біз таңертең далаға шыққанда нені көреміз? Әрине күннің қалай шыққанын көрген үлкен қуаныш! -ал, осы күннің қалай шығыуына не көмектеседі? Дұрыс, жаңа күн тау шыңынан шыққан алғашқы күн сәулелерімен басталады. Ол бізге мейірімді күлкісімен: «Қайырлы таң!»-дейді.Қане бізде күнмен сәлемдесейік! -Армысың ардақты Аспан ата! Армысың мейірімді Жер ана! Армысың шұғылалы алтын күн! Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы күн Күліп шықты күн бүгін! - айтындаршы таңертең күн сәулелері жарықпа? Таңертең аспанның түсі қандай? Онда бұлттар бар ма? <b>Дид.ойын:</b> «Қайырымды тастар» Біз қайда жүреміз? (жерде) (түрлі тастарды көрсетіп, қолдарына ұстап, алақанына салып көруіне мүмкіндік беру. Тастардың ауыр не жеңіл, қатты не жұмсақ, суық не дөңгелек не қырлы екенін сұрау). -айналаға мұқият қарандар, табиғатқа тағы не жатады? Көзбен көргеннің барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? Табиғат әр түрлі және қызық табиғат адамға сұлулық пен жақсы көңіл күй беріп қана қоймайды, сонымен қатар табиғатсыз адамның тіршілігі етуі мүмкін емес. Ал нақтырақ айтсақ, ол не? олай болса, кім жұмбақ біледі? 1.Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды. -Адам күннің жарығынсыз, жылуынсыз өмір сүре алады ма? -Ал жануарлар мен өсімдіктер ше? сусыз өмір сүре алмайды ма? Олай болса, тағы қандай жұмбақ білесіңдер? 2.Дәміде жоқ түсі жоқ Пайдаланбас кісі жоқ -Ал ауасыз тіршілік етуге болама? 3.Өмірде одан мол ештеңе болмайды Құшақтасаң құшағың толмайды. -салафан мешокпен ауа ұстау. Табиғат деген не? -Дұрыс күн, су, ауа, гүлдер, ағаштар-мұның бәрі табиғат.</p>	<p>Қазақстан Республикасында, Қасымжомарт Тоқае -тұрып әнұранды айтты.  -жарқыраған күнді.  -жаңа күн.  Бір-бірімен амандасады,қимылдарын жасап сөздерін кайталап.  Таңертең күн сәулелері жарық.  -жоқ-  Балалардың жауабы.  Табиғат әлемі, ал адамдар оның бір бөлігі.  Күн, су, ауа.  (күн)  (жоқ) (жоқ)  (су) -Жоқ. (ауа)  Ауа ұстайды</p>

	<p>сәкі.) Оларды табиғат деп атауға бола ма?</p> <p><b>Дид. ойын:</b> «Қай зат неден жасалған» (кітап, сызғыш, қасық, нан, май, ірімшік) қай заттың неден жасалғанын айту, бізге не үшін қажет екенін түсіндіру.</p> <p>Ойын бойынша тұжырым: олардың барлығын жасау үшін қажетті заттарды табиғат береді. Әр затты жасау үшін адамдардың білімі мен еңбегі қажет, сол үшін бізді қоршаған барлық заттарға қамқорлықпен қарауымыз қажет екен. Сендердің ойларыңша табиғатта ең сұлу не? Ендеше бәріміз туған өлкеміз туралы бір шумақ өлеңімізді айтайық:</p> <p>-Көгінде күн нұрын төккен Жерінде гүл жұпар сепкен Неткен сұлу, неткен көркен Осы менің туған өлкем!</p> <p>-Балалар, табиғат бұл түрлі жануарлардың, өсімдіктердің және тірі жәндіктердің тұратын үйі. Сондықтан осы табиғатты қорғайтын, түсінетін, сүйетін адамдарды экологтар деп атайды.</p> <p>-Ал сендер кішкентай экологтар болғыларың келе ме?</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>-Орнымыздан тұрайық Қолды белге қояйық Бұрыламыз оңға бір Бұрыламыз солға бір 1,2,3, (мұрнымен дем алып) Демімізді алайық.</p> <p>-балалар табиғат нешеге бөлінеді?</p> <p><b>Тірі табиғатқа:</b> адамдар, өсімдіктер, жануарлар жатады. Олар тыныс алады, қоректенеді, сезеді, өседі.</p> <p><b>Өлітабиғатқа:</b> тыныс алмайтын, қоректенбейтін, сезбейтін, өспейтін нәрселер жатады. Олар: ауа, су, жер, күн, тас.</p> <p><b>-Карточкалармен жұмыс:</b></p> <p><b>«Нені атағанымды көрсет» дид. ойын.</b> тірі және өлі табиғатқа не жататындығын және адам қолымен жасалған заттарды өздерінің карточкаларынан тауып көрсету.</p> <p><b>-психожаттығу «Қуырмаш»</b></p> <p>-Тірі бөлме өсімдіктері мен жасанды гүлдерді салыстыру.</p> <p>-Бұл өсімдік қалай аталады? (бұл бөлме өсімдігі неге тірі деп аталатынын түсіндіру).</p>	<p>-жоқ</p> <p>Теңіз, өзен, ормандар, таулар.</p> <p>- Ия.</p> <p>- екіге, өлі және тірі табиғат.</p>
<p>рефлексиялық-үзетушілік</p>	<p><b>Қорытынды:</b></p> <p>Егер сен табиғаттан бір зат алатын болсаң, онда оған да бірдеңе бер:</p> <p>Міне сондағана біздің табиғатымыз керемет, сұлу және бізге пайдалы болады екен.</p>	<p>ағаш отырғызу, бұлақтың көзін аш, құстарға жем беру т.б.</p>

Күтілетін нәтиже: Біледі: Табиғат туралы біледі.

Игереді: Табиғат нешеге бөлінеді.

Менгерді: Тәрбиешінің айтқанын менгерді.

*Бекітілді*  
*Толтырылды*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Тобы: «Гүлдер» тобы

Күні: 09.09.2022ж

Тәрбиеші: Нурмухаммедова Т.Т.

Білім беру саласы: Таным. Әлеуметтік орта.

Бөлімі: Вариатив. Экология

Тақырыбы: Әдемі гүлдер.

Мақсаты: Балалардың дала және бөлме гүлдері туралы білім алады. Гүлдердің алуан түрлілігі салыстырып бақылай алады.

Қолданылатын көрнекіліктері құралдар мен жабдықтар: вазадағы әртүрлі гүлдер, гүлдердің суреттері, түрлі түсті қағаздар, желім, табиғи материалдар

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Балалар қане бәріміз шеңбер бойымен шарға ұқсап дөңгелене тұрайық, қане біз өзіміздің әдепті, ұғымтал балалар екенімізді көрсетіп сәлемдесейік. Сәлеметсіздер ме?</p> <p><b>Психологиялық сәт:</b> «Гүл ұсыну»</p> <p>Ал балалар осы ойымыздағы жүрек жылуымызды бір-бірімен бөлісейік (алақандарынан үрлеп жылуды сездіру).</p> <p>Осы алған күш қуатымызбен сабағымызды бастайық. Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Әдемі гүлдер»-деп аталады.</p> <p>-Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>- Күз мезгілі екенін қалай білдіңдер?</p> <p>-Күз айларын атаңдаршы.</p> <p>-Жарайсыңдар, көктемнің алғашқы күндерінен бастап, бой көтеріп гүлдер өседі екен. Алғашқы көктем гүлдерін білесіңдер ме?</p> <p>Дұрыс айтасыңдар балалар, олай болса, айналаға жақсылап қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар?</p> <p>Ал балалар осы гүлдердің құлпырып, жайнап өсулері үшін қандай жағдай қажет? Оларға не керек?</p> <p>Әрине дұрыс айтасыңдар. Енді осы айтқандарымызды нақтылап көрейікші: Күн нұрын шашып гүлдерге жылуын береді. Гүлдердің сабағы, жапырақтардың күнге қарай көтеріліп өсуіне көмектеседі. Топырақтар өсімдіктерді құнарлы заттармен қамтамасыз етеді. Сумен өсімдіктерді суғарады, жапырақтарын жуады. Ауамен дем алады. Тамырлап, өсімдіктерді жерде мұқият ұстап тұрады. Тағы да гүлдерге: күтім, қамқорлық және мейірім қажет. Жарайсыңдар балалар, мына « Гүлдер қалашығы» осындай күтім қамқорлық мейірімнен жайнап, құлпырып, қоршаған айналаға әсемдік беріп тұр. Балалар, гүлдер қандай жерлерде өседі? Дұрыс айтасыңдар балалар.</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып бір-бірімен тәрбиешімен амандасыды.</p> <p>(балалар бір-бірлеріне жылы сөз айтып гүлдерін ұсынып гүл шоғын құрайды)</p> <p>-Күз мезгілі. Өз білгендерін айтты Қыркүйек, қазан, қараша</p> <p>Бәйшешек, Қызғалтақ. Әдемі гүлдер(гүлдердің аттарын атау) бәйшешек, қызғалтақ, бақ-бақ, раушан гүлі т.б.</p> <p>Су, ауа, топырақ, қорек, жарық, күннің жылуы.</p> <p>Үйде, аулада, арнайы гүлзарларда, жазық далада,</p>

	<p><b>Сергіту сәті:</b> Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желмен бірге жайқалған Балалар біраздан бері « Гүлдер патшайымы» сендерге қарап, тындап өте риза болып отыр. Балалар бұл гүлдер патшайымы.</p> <p><b>Гүлдер патшайымы:</b> Сәлеметсіңдер ме балалар? Сендер менің әдемі гүлдерімді көрдіңдер ме? Олар сендерге ұнады ма? Онда гүлдер туралы жылы сөздер айтындаршы?</p> <p><b>Гүлдер патшайымы:</b> Ой рахмет сендерге қандай әдемі сөздер. Балалар, маған сендердің көмектерің қажет болып тұр.</p> <p>-Қане балалар, гүлдер патшайымына көмектесеміз бе?</p> <p>Ол үшін алдымен біз сендермен саусак жаттығуын жасап алайық.</p> <p><b>Балалардың жұмысы:</b> ( 5,6 баладан бөлініп ұжымдық жұмыс) -қандай әдемі, керемет жұмыстар жасадыңдар балалар. Рахмет сендерге.</p>	<p>орманда т. б</p> <p>Қимылдарын жасады</p> <p>-Сәлеметсізбе, -Ия Әдемі, әсем, керемет, хош иісті, сүйкімді т.б</p> <p>Иә көмектесем Жапсыру « Қызғалдақ» ( жұлмалау әдісі, геометриялық пішіндерден) Қол еңбегі « Сикырлы гүл» ( Үкіден) Құрастыру « Вазадағы гүл» ( табиғи материал) Сурет алақанмен</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p><b>қортындылау:</b> Бүгінгі Ұ.О.І.Ә. ұнады ма? Ұ.О.І.Ә не туралы болды? Гүлдерге қандай күтім қажет екен? Гүлдер қайда өседі? Гүлдер қандай болады екен?</p>	<p>Балалар сұраққа жауап берді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Гүлдер туралы біліді.

Игереді: Гүлдерге не керек екенің игерді

Менгерді: Тәрбиешінің айтқаның менгерді.

Әкіміміз  
Төресейі

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы: «Гүлдер» тобы

Күні: 16.09.2022ж

Тәрбиеші: Нурмухаммедова Т.Т

Білім беру саласы: Таным. Әлеуметтік орта

Бөлімі: Вариатив. Экология

Тақырыбы: Тамшылар сыр шертеді

Мақсаты: Ерте жастан балалар судың қасиеттерімен танысады. Су туралы алған білімін айта алады. (тәжірибе жасап көрсету).

Қолданылатын көрнекіліктері құралдар мен жабдықтар-алдын-ала салынған сурет, глобус, карта, әртүрлі пішінді ыдыстар, құм, сүт, қасық, қайнаған су құйылған термос, термометр, әр балаға екі стакан, түрлі-түсті ленталар, варонка, сүзбе, губка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балалар қане бәріміз шеңбер бойымен шарға ұқсап дөңгелене тұрайық, қане біз өзіміздің әдепті, ұғымтал балалар екенімізді көрсетіп сәлемдесейік. - Сәлеметсіңдерме балалар!</p> <p>-балалар, бүгінгі біздің ұ.о.і.ә.не туралы екенін білу үшін, алдымен жұмбақты шешіп алайық.</p> <p><b>Жұмбақ:</b> -Еш жерде тұрақтамайды Олжақта жер құрғайды</p> <p><b>Яғни</b> бүгінгі сабағымыз су туралы. тақырыбы: «Тамшылар сыр шертеді»</p> <p>Балалар, біз сендермен алдын-ала ұжымдық жұмысымызда, судың, теңіздің суреттерін салдық (көрсету).</p> <p>-Судың түсі қандай түспен белгіленген? Мынау жер шары, мұнда қандай түс көп бейнеленген?</p> <p>-балалар, жер шарында, картада көк түстер нені білдіреді? - Егер жер шарын тез айналдырсак тек қана бәрі көк түс сияқты.</p> <p>Себебі: сары, жасыл, қоныр, ақ түстерге караганда көк түс көп.</p> <p>-Ал, бүгін сендер суды көрдіңдерме? -Касетадан судың дыбысын тындау. (релаксация)</p> <p><b>1.Тәжірибе.</b>-пішіні әртүрлі ыдыстар: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш. Олардың ішін суға толтырып, балалардан сұрау. Су қандай пішіндерге айналады? <b>Яғни</b> су-сұйық. Балалар қараңдаршы, құмда пішінін өзгертеді, сонда құмда сұйықпа? -оны келесі тәжірибеден дәлелдеп көрейік.</p> <p><b>2.Тәжірибе:</b>Ыдыстағы суды төгу. Не болды? Су ағады. Ал егер, ыдыстағы құмды төгіп көрсек не болады? Құм үйіліп қалады.</p> <p>- <b>Яғни</b> су мен құм екі түрлі зат су-сұйық, құм – шашырайды, үйіледі</p> <p><b>3.Тәжірибе:</b>Балалардың алдында екі-екіден бірдей ыдыстар қойылған, біреуінде су, екіншісінде сүт құйылған. Екі ыдыстың ішіне балалар қасық салып көреді. Не байқадындар? Балалар: Су құйылған ыдыстағы қасық көрінеді де, ал сүт құйылған ыдыстағы қасық көрінбейді. <b>Яғни:</b> Су-түссіз, иіссіз зат, ал сүттің түсі ақ.</p> <p>Тәрбиеші: Ал енді судың тағыда бір құрамын карап көрейік. Оның температурасын. Балалар, температура ауру адамдардағана емес, судада болады екен. Ол қалай? Оны келесі тәжірибеден білеміз. Сонымен біз судың сұйық зат екенін білдік. Енді оның түсін анықтап көрейік.</p> <p><b>4.Тәжірибе:</b>Бір ыдысқа суық су, екіншісіне жылы су құямыз. Балалар суға саусақтарын салып көреді. -Олар бірдей ме? Айыраршылығы неде?</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып бір-бірімен тәрбиешімен амандасыды. Сәлеметсізбе!</p> <p>(су)</p> <p>көк түспен белгіленген.</p> <p>Көк түс.</p> <p>Суды, теңіздермен, мұхиттарды, көлдерді.</p> <p>Ия, кранда, акваримде, кар, мұз, ыдыстарда т.б.</p> <p>қандай ыдысқа су құйылса, сондай пішінде болады</p> <p>-жоқ.</p> <p>-бу.</p> <p>Жылы жерде.</p>

	<p>Температурасында.</p> <p><b>5.Тәжірибе.</b>-Мұздатқышта тұрған ыдысты алып құрғақ төрелкенің үстіне кою. Балалар ыдысты бақылайды. Ыдыстың сырты сулана бастайды. Яғни майда тамшылар пайда болады. Олар, тамшылар ауырлай бастағандықтан, төрелкеге сырғып ағады. Міне осылай ауада бу түрінде ұшып жүрген суды бақыладық.</p> <p><b>6.Тәжірибе.</b>Қайнаған су құйылған термостың қақпағын ашып көру. Не көріп тұрсындар? Ұшқан буға айнаны ұстап, одан тамған тамшыларды балаларға көрсету.-Сонымен біз будың суға айналатынын білдік. Ал, енді судың буға айналуы неге байланысты екенін тағы бір тәжірибе жасап көрейік.</p> <p><b>Ойын:</b> «Жер қабаты төрт түсті»</p> <p><b>-Сергіту жаттығуы.</b>  Әй-әй-балақай.  Қарлығашқа ұқсайық  Қане, қанат жасайық.  Қарлығаш боп ұшайық  Орнымызға қонайық.  -Мұз қандай су?</p> <p><b>8.Тәжірибе.</b>  Әр баланың алдына мұз қойылған балалар мұздың еруін бақылайды. Мұз еріп неге айналады? Осы, мұздан еріген суға, губканы қойындаршы. Не болды?  Яғни: Судың тағы да бір қасиеті, ол тез сіңіп кетеді екен.  Балалар мына суретке қарандаршы, біздің сиқырлы тамшыларымыз. Әр қайсысы әртүрлі жағдайда екен. Міне, балалар біз сиқырлы тамшылармен де таныстық.  Сонымен: Су, бу, мұз-бәрі бір зат екен, бірақ әрқайсысы әртүрлі жағдайда: сұйық, қатты, бу түрінде, газ түстес.</p>	<p>Себебі, оның аузы жабық болған.</p> <p>Кимылдарын жасады. қатты су.</p> <p>Су губкаға сіңіп кетеді</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p><b>Қорытынды:</b>  -Бүгінгі Ұ.О.І.Ә. ұнады ма?  - Ұ.О.І.Ә.не туралы болды?  -Су қандай зат екен?  -Судың түсі бар ма? Иісі ше?</p>	<p>Балалар сұраққа жауап берді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Тамшылар туралы біліді.

Игереді:су қалай тамшыларға айналатын игерді

Менгерді:Тәрбиешінің айтқанын менгерді.

*Әкіміміз;  
Әлсіздік*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Тобы:** «Гүлдер» тобы

**Күні:** 23.09.2022.

**Тәрбиеші:** Нурмухаммедова.Т.Т.

**Білім беру саласы:** Таным.Әлеуметтік орта

**Бөлімі:** Вариатив.Экология

**Тақырыбы:** Біз ауаны көре аламыз ба?

**Мақсаты:** Балаларға әр түрлі әдістер арқылы ауаны қалай білуге болатынына қызығушылық танытады. (ыдыста, суда, резеңке қапта, құмда, шарда т.б.). Болған құбылысқа, тәжірибеге қарап түсінгенін жеткізе алады.

**Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен жабдықтар:** -шыны ыдыс, стакан, қап, су құйылған банка, шар, қағаз салфетка, түтікшелер, құм, қағаз жалақшалар, воронка. **Билингвальды компонент:** ауа-воздух

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар қане бәріміз шеңбер бойымен шарға ұқсап дөңгелене тұрайық, қане біз өзіміздің әдепті, ұғымтал балалар екенімізді көрсетіп сәлемдесейік. -Сәлеметсіңдерме балалар!	Балалар шеңберге тұрып бір-бірімен тәрбиешімен амандасыды. Сәлеметсізбе!
	<p>Бізге қонаққа Кәмшат келді. балалар Ұ.О.І.Ә бастамас бұрын, сергіту сәтін жасап алайық. <b>-Сергіту сәті:</b> Қуыр-қуыр қуырмаш Тауықтарға бидай шаш Әй-әй балақай Жамандықтан қаш! Міне балалар біз өзімізден жамандықтың бәрін қашырып, көңілімізді тек қана Ұ.О.І.Ә. аударамыз. -балалар, біз бүгін өте қызық. өтеміз. Себебі: Ұ.О.І.Ә бәрі тәжірибе түрінде болады. Ол үшін алдымен тақырыбын Ұ.О.І.Ә. біліп алайық. «Біз ауаны көре аламыз ба?» Ауа дегеніміз не? Дұрыс, тексеріп көрейікші. <b>1.Тәжірибе:</b> қолдарыңмен беттеріңе желпіндерші, не сездіндер? Ал, енді қолдарына үрлендер, не сездіндер? <b>Тәжірибе бойынша қорытынды:</b> Мұны біз ауаның қозғалысы арқылы сездік. Ауа көзге көрінбеседе, оны әр түрлі сезімде сезуге болады. <b>2.Тәжірибе:</b> Балалар, алдарыңдағы стакандағы суға түтікшені салып екінші жағымен жәймен үрлендер: -не байқадыңдар? <b>Тәжірибе бойынша қорытынды:</b> егер суда көпіршіктер пайда болса, яғни біздің ішімізде ауа бар.<b>Сергіту жаттығулары:</b> -Ал, балалар тұрайық Мойнымызды бұрайық Қолымызды созайық Жел сияқты қалықтап Оңға, солға иіліп Денемізді бұрайық. ал енді, банкідегі суға қарандаршы, банкінің</p>	<p>Қимылдарын жасады</p> <p>-Ол көзге көрінбейтін зат.</p> <p>-жел</p> <p>-жел</p> <p>-көпіршіктер.</p> <p>Сөздерін айтып қимылдарын жасады</p>

	<p>екінші жағында майда көпіршіктер көрінеді неге?<b>3.Тәжірибе:</b> алдарындағы қағаз жолақшаларды алып үрлендерші. Не болды? <b>Тәжірибе бойынша қорытынды:</b> Яғни біздің ішімізде де ауа бар.</p> <p>2) енді алдарындағы тастан кішкене алып стакандағы суға салындаршы не пайда болды? Яғни таста да ауа бар.</p> <p>3) Тағыда бір тәжірибе жасап көрейік қолдарыңа салафан қапты алып екі қолмен аузын ашып, қолымызды сермеп қаптың аузын бұраймыз. -қабымызбен не болды? Неге? -үрленді, ішіне ауа толды. Яғни ауа біздің айналамызда да бар.</p> <p><b>4.Тәжірибе:</b>Енді маған мұқият қарандаршы, варонканың жіңішке жағына шарды кигізіп жәймен суға саламын, суға салған сайын шар үрленеді. Неге? Шардың ішіне не толды?</p> <p><b>5.Тәжірибе:</b>Қағаз салфетканы мыжып стаканның түбіне салып, түсіп кетпес үшін пластилинмен жапсырып қою керек. Енді стаканды төңкеріп суға саламын. Ойландаршы стаканның ішінде су бар ма? (балардың жауабы) Стаканды судан аламын, салфетка су ма? Неге? Су неге стаканның ішіне кірмеді. Оған не кедергі жасады? Міне, балалар көрдіңдерме ауа біздің айналамызда ғана емес, барлық жерде де бар екен.</p>	<p>себебі, суда ауа бар!</p> <p>қағаз ұшты.</p> <p>көпіршіктер</p> <p>ауа.</p> <p>-кұрғақ</p> <p>Суға ауа кедергі жасады.</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p><b>Қорытынды:</b> -Балалар біз бүгін ұ.о.і.э. не білдік? -Ауа дегеніміз не? -Ол қандай жерлерде болады? -Ауа кімдерге қажет екен? -Сендерге бүгінгі ұ.о.і.э. ұнадыма?</p>	<p>Балалар сураққа жауап берді</p>

Күтілетін нәтиже:Орындайды: Тәжірибе жасады.

Түсінеді: Ауа қандай болатының балалар біліді.

Қолданады:балалар керек заттарды қолданады.

*Әнәлі мәлімет*  
*Ә.Төлеуов*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы: «Гүлдер»тобы

Күні: 30.09.2022ж

Тәрбиеші: Нурмухаммедова. Т.Т.

Білім беру саласы: Таным. Әлеуметтік орта

Бөлімі: Вариатив. Экология

Тақырыбы: Табиғат - сұлулықтың қайнар көзі.

Мақсаты: Балалардың табиғатқа және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін жеткізе алады. арттыру. Қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылық таныта алады.

Қолданылатын көрнекіліктері құралдар мен жабдықтар-алдын-ала: Үрмелі шардың суреті, шар, баклашка, ыстық су, глобус, мұз, стакандағы су, бос ыдыс, шекер, қасық, парак, чеснок, саломка, бояу, сүрткіш, шырақ, шанырақ, табиғат заңдарының суреттері.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p><b>Психологиялық тренинг.</b>                      -Кәне балалар, сәлемдесіп алайықшы.                      Табиғат біздің анамыз.                          Табиғатқа баламыз.                          Иліп сәлем береміз.                          Біз әдепті баламыз.                      -Сәлеметсіздер ме?                      Ардақты дос, алтын дос,                      Аяулы дос, жарқын дос-дегендей енді бір-бірімізге карап «Досым күлейікші» деп айтайық.                      -балалар саяхатқа немен шығуға болады?                      Ал мен сендерге ауада ұшатын шармен шығуды ұсынғым кеп тұр. Сендер қарсы емесіңдерме?                      -Бізге жолға маңызды көмекші керек. Ол туралы жұмбақ бар                      -Барма жоқпа, оны анық білмейсің,                      Ол жоқ болса, өмір сүріп жүрмейсің. -бұл жұмбақтың шешуі не?                      (Тәрбиеші ауа ұшатын шардың суретін көрсету).                      айтыңдаршы: неге шардың астына горелка қойған?                      (балалардың жауаптары).                      -Қазір біз сендермен білетін боламыз, ауаны қыздырған кезде не болатынын.  <b>№1 Тәжірбие.</b>                      Үрленетін шарды пластикпен жасалған бөтелкенің аузына кигізіп, ыстық суда 1 минут ұстап тұру, салқынға қою.                      Не көрдіңдер?                      Қалай ойлайсыңдар неге бұлай болып жатыр? Мінекей, осындай үрленетін шармен ұшып, табиғат-сұлулығын тамашалаймыз.                      -балалар мына жер шарына қараңдаршы. Космостан біздің жеріміз дәл осылай көрінеді.                      -Жер шарындағы көк түстер нені білдіреді?                      Яғни, біздің жерімізде не көп екен?                      Су қандай болады?                      Су не үшін керек?                      Балалар су үш күйде болады сұйық, қатты, бу күйінде.                      -Ал қане балалар біз жерге де жақындап қалдық, қонамыз, шардан шығамыз. (бәрі орындарынан тұрады)  <b>-Сергіту жаттығулары.</b>                      1. Гу-гу жел соқты,                          тырс-тырс жаңбыр жауды.                          Жаңбыр басылды.                          Күн ашылды.  <b>2 Тәжірбие</b></p>	<p>Балалар шеңберге тұрып бір-бірімен тәрбиешімен амандасыды.                      Сәлеметсізбе!                      -балалардың жауабы.                      Жоқ қарсы емеспін.                      бұл жұмбақтың шешуі «Ауа»                      қайталады                      Шар үрленді.                      -балалардың жауаптары.                      Суды.                      Су көп.                      Су ащы және тұщы болады.                      -Суды ластауға болмайды.                      Су ішу үшін, жуыну үшін т.б. адамға, тірі табиғаттың бәріне сусыз өмір жоқ.                      Қимылдарын жасады                      Бу.</p>

	<p>-балалар тәжірбие жасау арқылы судың қасиеттерімен танысамыз.</p> <p>-балалар көңіл аударындар мына ыдыста мұз салынған, бұған кейінірек ораламыз.</p> <p>-ыдысқа құйылған суды алып іскеп көру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Жер, су, ауа, от»</p> <p>-Жер (отырады)</p> <p>-Ауа (қолдарын көтереді)</p> <p>-Су (қолмен судың толқынын жасау)</p> <p>-От (орнында айналу)</p> <p>Балалар осы біздер немен демаламыз? Біз нені басып жүреміз?</p> <p>Ауа көзге көрінеді ме?</p> <p>Осы, ауаның қандай пайдасы бар?</p> <p>Ауаны нелер, кімдер ластайды?</p> <p>Ауаны тазалау үшін не істіу керек?</p> <p>Бізді қоршаған ортаны бір сөзбен не деп айтамыз?</p> <p>Табиғат нешеге бөлінеді?</p> <p><b>Тірі табиғатқа:</b> гүлдер, ағаштар, адамдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер т.б.</p> <p><b>Өлі табиғатқа:</b> тас, құм, су, мұз, топырақ, күн, жанбыр, қар т.б.</p> <p>Қалай ойлайсындар жалпы табиғатқа қамқорлық керек пе?</p> <p>Ол үшін не істеу керек?</p> <p>Табиғат заңдарын қатаң сақтау керек. Олар:</p> <p>-Суды ластамау.</p> <p>-Айналаны таза ұстау керек. Сонда ауа таза болады.</p> <p>-Гүлдерді жұлмау.</p> <p>-Ағаштарды кеспеу.</p> <p>-Құстарды атпау.</p> <p>-Жәндіктерді өлтірмеу.</p> <p>-Орманда от жақпау.</p> <p>-Құстың ұясын бұзбау т.б.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс айтасындар. Сондағана табиғатымыз сұлу, әсем, тамаша болады. Ойын: «Дыбысты анықта».</p> <p>Балалар, бізге енді балабақшаға қайту керек. Қәне, орнымызға дұрыстап, түзу отырайық. 1,2,3 көзімізді жұмайық, ал енді көзімізді ашайық</p>	<p>Ауамен дем аламыз.</p> <p>Біз жерді басып жүреміз.</p> <p>Жоқ, көзге көрінбейді</p> <p>Ауамен дем аламыз.</p> <p>Адамдар, машиналар, заводтар түгіндері т.б.</p> <p>Көк етіп ағаштар, гүлдер егу керек.</p> <p>-заводтарды қала шетіне салу керек.</p> <p>-түгін тазартатын фильтр ойлап табу керек.</p> <p>Бізді қоршаған ортаны «Табиғат» деп айтамыз</p> <p>Табиғат екіге бөлінеді. Өлі және тірі табиғат.</p> <p>Табиғаттағы барлық заттарға қамқорлық жасау, таза болуы керек.</p>
<p>Рефлексиялық-түгушілік</p>	<p><b>Қорытынды:</b></p> <p>-Жарайсындар балалар, сендерге саяхат ұнады ма?</p> <p>-Берілген тапсырмалар қиын болды ма?</p> <p>-Су неше күйде болады екен?</p> <p>-Су қандай болады екен?</p> <p>-Су не үшін керек?</p> <p>-Ауаның қандай пайдасы бар екен? Оны кімдер, нелер ластайды?</p> <p>-Жер, су, ауа бізге не үшін қажет екен?</p>	<p>Сураққа-жауап берді</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Табиғат туралы біліді.

Игереді: Өлі табиғатқа не жататын балалар игерді

Менгерді: Тәрбиешінің айтқанын менгерді.

*Бекітілді  
Түсет*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Тобы:** «Гүлдер» тобы

**Күні:** 07.10.2022

**Тәрбиеші:** Нурмухаммедова.Т.Т.

**Білім беру саласы:** Таным.Әлеуметтік орта

**Бөлімі:** Вариатив.Экология

**Тақырыбы:** Құстар біздің досымыз.

**Мақсаты:** Балалардың құстардың бірнеше түрін айта алады, олардың тыныс – тіршілігі, пайдасы туралы түсінік таныта алады.

**Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен жабдықтар:** Жыл құстарының суреттері

**Билингвальды компонент:** ауа-воздух, құстар-птицы.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. «Өрқашан аман болайық!»	Балалар жақсы көңіл-күймен амандасады.
Ұйымдастыру іздену	Серуенде күз мезгілінің өзгерістерін, құстар туралы көрген-білгендерін сұрау. С. Көбеев «Құстың ұясы» әңгімесін оқу. Әңгіме бойынша сұрақтар беру. Сергіту сәті. Құстардың суреттерін көрсетіп, олардың түрлерімен таныстыру. Немен қоректенетінін сұрау. Әліппе дәптермен жұмыс. Құстар туралы мақалдарды оқу. Жұмбақтар шешу. Ойын: «Бұл қандай құс?»	Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.  Құстардың пайдасын түсінеді.  Мақалды қайталап, жұмбақты шешеді. Ойынға қатысады.
Рефлексік түзету	Сұрақ-жауап арқылы, алған білімдерін пысықтау.	Балалардың жауаптары.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білу.

**Игеру:** Құстардың тіршілігін әңгімелеуге үйрету.

**Меңгеру:** Құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.

*Жекімдік  
Төлеу*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Тобы: «Гүлдер» тобы

Күні: 14.10.2019ж

Тәрбиеші: Алматова.Г.У.

Білім беру саласы: Таным.Әлеуметтік орта

Бөлімі: Вариатив.Экология

Тақырыбы: Қоршаған орта тазалығы.

Максаты: Балаларды ерет жастан қоршаған ортаны, табиғатты таза ұстай білуді түсінеді, отырған жерлерін таза ұстауды, бүлдірмеу керектігін айта алады.

Көрнекі суретер көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, мақал-мәтелдер үйрету, сергіту сәттері.

Сөздік жұмыс: таза ауа, тіршілік нәрі, құстар, гүлдер, қоршаған орта тіршілігі т.б.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекет
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p><b>Психологиялық тренинг.</b>            -Көне балалар, сәлемдесіп алайықшы.            Табиғат біздің анамыз.                Табиғатқа баламыз.                Иіліп сәлем береміз.                Біз әдепті баламыз.            -Сәлеметсіздер ме?            Ардақты дос, алтын дос,            Аяулы дос, жарқын дос-дегендей енді бір-бірімізге қарап «Досым күлейікші» деп айтайық.            Балалар осы біздер немен демаламыз?            Біз нені басып жүреміз?            Ауа көзге көрінеді ме?            Осы, ауаның қандай пайдасы бар?            Ауаны нелер, кімдер ластайды?  <b>Оны барың бір сөзбен не деп айтамыз?</b>            Табиғат нешеге бөлінеді?  <b>Тірі табиғатқа:</b> гүлдер, ағаштар, адамдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер т.б.  <b>Өлі табиғатқа:</b> тас, құм, су, мұз, топырақ, күн, жаңбыр, қар т.б. <b>Сергіту жаттығулары.</b>            Гу-гу жел соқты,                тырс-тырс жаңбыр жауды.                Жаңбыр басылды.                Күн ашылды.  <b>Ойын:</b> «Жер, су, ауа, от»            -Жер (отырады)            -Ауа (қолдарын көтереді)            -Су (қолмен судың толқынын жасау)            -От (орнында айналу)            Қалай ойлайсындар жалпы табиғатқа қамқорлық керек пе?            Ол үшін не істеу керек?            Дұрыс айтасындар. Сондағана табиғатымыз сұлу, әсем, тамаша болады. Балалар, бүгін ұ.о.і.ә өте жақсы, белсенді қатыстындар, тапқыр, білгіш балалар екендерінді көрсете білдіңдер. Сондықтанда өзімізге қол соғып, қошемет көрсетіп қояйық құрметтеу. Табиғатты қорғау, аялау бәрі-бәрі Отбасдан басталады. - Шаңырақты ортаға ұстап, көтеріп, оны бір айналып «Достық» туралы ән айтып.</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып бір-бірімен тәрбиешімен амандасды.            Сәлеметсізбе!            -балалардың жауабы.            Ауамен дем аламыз.            Біз жерді басып жүреміз.            Жоқ, көзге көрінбейді            Ауамен дем аламыз.            Адамдар, машиналар, заводтар түтіндері т.б.  <b>Қоршаған орта</b>            Табиғат екіге бөлінеді.            Өлі және тірі табиғат.            Табиғаттағы барлық заттарға қамқорлық жасау, таза болуы керек.            Қимылдарын жасады            Көп егіп ағаштар, гүлдер егу керек.            -заводтарды қала шетіне салу керек.            Ойынды қызығып ойнады.            ия            Суды ластамау.            -Айналаны таза ұстау керек. Сонда ауа таза болады.            -Гүлдерді жұлмау.            -Ағаштарды кеспеу.            -Құстарды атпау.            -Жәндіктерді өлтірмеу.            -Орманда от жақпау.            -Құстың ұясын бұзбау т.б.</p>

Рефлексиялық- түзетушілік	<b>Қорытынды:</b> -Көңіл күйлерің қалай? -Несімен ұнады? Оны кімдер, нелер ластайды? -Жер, су, ауа бізге не үшін қажет екен?	Сураққа-жауап берді
------------------------------	--	---------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қоршаған орта туралы біліді.

Игерді: Қоршаған ортаның қалай қорғау керек екенің балалар игерді

Менгерді: Тәрбиешінің айтқаның менгерді.

Ресми  
Әтсебе!

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

**Тобы:** «Гүлдер»тобы

**Күні:** 21.10.2022ж

**Тәрбиеші:** Нурмухаммедова.Т.Т.

**Білім беру саласы:** Таным.Әлеуметтік орта

**Бөлімі:** Вариатив.Экология .

**Тақырыбы:** Күн және сиқырлы кемпіркосак

**Мақсаты:**Балалар күн және кемпіркосақпен танысуға қызығушылық танытады,олардың ерекшеліктерін айта алады.**Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен**

**жабдықтар:**кемпіркосақтың суреті,бояу,ақ парақ,қылқалам

**Билингвальды компонент:**кемпіркосақ-радуга

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Қол ұстасып, қане, біз! Достасайық бәріміз. Амансың ба, Күн Ана! Амансың ба, Жерана! Амансың ба, достарым! Сендердікөрсемқуанам!	Балалар шеңберге тұрып, өлең жолдарын айтады, бір-бірімен амандасады,
Ұйымдастыру іздену	түрлі-түсті карточкалар таратып, балаларды үш топқа бөліп отырғызу. Балалардың назарын мультимедиялық тақтаға аудару: -Балалар, суреткеназараударайықшы. суретте не бейнеленген? -Иә, балалар. Дегенменкемпіркосақкөңілсізекен. Себебионыңтүстерінқатігезсиқыршыалыпкеткен екен. -Оғантүстерінқайтаруғақөмектесемізбе? -Ендеше, еңалдыменкемпіркосақтүстерінажыратыпалайық. - қандайтүстерденқұралған? -Балалар, біздіңбояуларпалитрасында тек қанаүштүскана бар екен. Бұлқайтүстер? Қандайтүстердепаталады? - Негізгітүстердіқосуарқылыбізқандайтүстердіаламыз? -Қосымшатүстергеқайтүстержатады? -Өтежақсы, балалар! Ендешекосымшатүстердіалуүшінсіздердімынад айойынғашақырамын. Ойын «Қайтүспайдаболады?». Тақтадакөрсетілгеннегізгітүсқосындыларынанпайдаланатынқосымшатүстікөрсету. -Жарайсындар, балалар! Бояларпалитрасынкемпіркосаққақажеттітүстерментолтырдық. Кемпіркосақтүстерінқайтардық.	Үш топқа бөлініп отырады.  Балалар суретке назар аударады, суретте не бейнеленгенін айтады. -Кемпіркосақ,күн  Балалар кемпіркосақтың түстерін қайтаруға дайын екендерін айтады.  Балалар кемпіркосақ түстерін ажыратады. -Қызыл, қызғылт сары, көк, жасыл, сары, күлгін.  -Көк, қызыл, сары -Негізгітүстердепаталады. -Қосымшатүстердіаламыз. -Қызғылтсары, жасыл, күлгін.  Балаларойынарқылынегізгітүстерден қосымшатүстердішығарады. Балалар жауап берді.  Балалар топ бойыншаберілгентапсырманьорында йды. Кемпіркосақтыбейнелеудіңәртүрлітәсілдерінқолданады

	<p>Ендеше осындай табиғаттың әсем көрінісін бейнелейік.</p> <p>Кемпірқосақтың қасында күн бар, күн бізге не береді?</p> <p>Топпен жұмыс</p> <p>1-топ. Субояқпен қылқалам арқылы кемпірқосақты бейнелеу.</p> <p>2-топ. Көз бояғышпен саусақ арқылы суретін салу.</p> <p>3-топ. Акварель бояуымен картон арқылы сурет салу.</p>	
<p><b>Рефлекс</b> <b>тік</b> <b>түзету</b></p>	<p><b>Қорытынды:</b></p> <p>-Көңіл күйлерің қалай?</p> <p>-Несімен ұнады?</p> <p>Кемпірқосақтың түстері қандай?</p>	<p>Сұраққа жауап берді.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Балалар алған білімдерін қайталау.

**Игеру:** Балалар түстерді ажыратып игерді.

**Меңгеру:** Тәрбиешінің айтқанын меңгерді.

Өмірі;  
Тәжірибесі

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

**Тобы:** «Гүлдер»ересек тобы

**Күні:** 28.10.2022ж

**Тәрбиеші:** Алматова.Г.У.

**Білім беру саласы:** Таным.Әлеуметтік орта

**Бөлімі:** Вариатив.Экология

**Тақырыбы:** Табиғат- туған үйіміз

**Мақсаты:** Балаларды өлі табиғат компоненттері: топырақ, құм мен таспен танысады, айырмашылығын атай алады.

**Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен жабдықтар:** табиғат туралы нақыл сөздер, табиғат туралы суреттер

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациядық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. «Өрқашан аман болайық!»	Балалар жақсы көңіл-күймен амандасады.
Ұйымдастыру іздену	<p>- Балалар, Мұзафар Әлімбаев атамыз: "Туған жерді сүю парыз, Сүю үшін білу-парыз, Қасиетін ұғу-парыз Күзетінде тұру- парыз- деп айтқандай кең байтақ еліміз жайлы, бізді қоршаған әлем туралы білуіміз керек. Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілі көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін .Табиғаттың әрбір бөлшегі азамат баласы үшін асқан байлық, қайталанбас қазына екенін, денсаулықтың қорғаны екенін ұғындыру.Табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаны ластамай сақтауға тәрбиелеу. Ауа туралы жұмбақ айтады Бір нәрсе жер мен көктін арасында, Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да. Білінбей жер үстінде жүсе-дағы Пайдалы адамзаттың баласын</p> <p>- Ауа туралы не білесіңдер? -Ауа арқылы не болады? -Ауаны не ластайды? Су туралы жұмбақ жасырамын. Жылт-жылт етеді, Жылғадан өтеді-ол не? Су жайлы қандай мақал-мәтелді білесіңдер? Су қалай ластанады? Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар. Балалар табиғат туралы қандай тақпақ, айтамыз. Құстар, аңдар, өсімдіктер туралы тақпақтар</p>	<p>Тақпақ тыңдады.</p> <p>(ауа)</p> <p>Сұрақтарға жауап берді.</p> <p>(су)</p>

Қорыта келгенде, адамның табиғатсыз тіршілік ете алмайтынына көз жеткіздік қой деймін. Бізді қоршаған әлем өте таза болу керек. Сонда біз күліп жүреді екенбіз. Табиғат байлықтарын қорғай білу азаматтық борыш. Оны аялап сүйе білейік. Табиғатты аялайық! Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды. Айналамызға көз жіберсек, алуан түсті бояуға шомылған сұлу көріністі байқаймыз. Ол суреттің ішінде ағаш та, бұта да, шөп те, гүл де, өзен-көлде де, тау мен тас та кіреді. Бұлардың бәрі сені қоршаған әлем немесе табиғат деп аталады. Сонда балалар «Табиғат туған үйіміз»

Бәрі хормен:  
Табиғаттың панасымыз  
Түйіп айтып сөзіміз  
Табиғаттың панасы  
Біздің мына өзіміз.

**Рефлексстік түзету**

Сұрақ-жауап арқылы, алған білімдерін пысықтау.

Балалардың жауаптары.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Балалар табиғат туралы біледі.

**Игеру:** Табиғатқа не жатады балалар игерді.

**Менгеру:** Табиғатқа қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.

Тобы «Гүлдер» тобы

Күні: 04.11.2022ж

Тәрбиеші: Нурмухаммедова.Т.Т.

Білім беру саласы: Таным.Әлеуметтік орта

Бөлімі:Вариатив.Экология

Тақырыбы: Су -өмір нәрі.

Мақсаты: Судың қасиеттерін анықтау үшін тәжірибелер жасауда қызығушылық танытады.Суды үнемдеп ұқыпты пайдалана алады.

Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен жабдықтар:Су, құм, сүт, мұз, жалпақ табак.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивацияды қозғаушылық	Шаттық шеңберге тұрғызу. Күндей жарқырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір, таза көңілмен, Бүгінгі күндік бастайық.	Балалар жақсы көңіл-күймен амандасады.
Ұйымдастыру іздену	Табиғат дегеніміз не? Табиғат қандай болады? Тірі табиғатқа нелер жатады? Ал өлі табиғатқа ше? Қане, балалар, барлығымыз мына жұмбақты шешейік.Жалт-жұлт еткен, Жылгадан өткен. Бұл не? Аспаннандомалап, Көпмоншақтөгілді. Бұл не? Олайболсабүгінгіоқуіс-әрекеттеріміз су туралы. Су туралыкім не біледі? Ал кімтақпақбіледі? Ал кіммақал-мәтелбіледі? Ендібалалартәжірибеарқылысудыңқасиеттеріментанысамыз. 3. Су туралыкім не біледі? Ал кім тақпақ біледі?Ал кім мақал-мәтел біледі? Енді балалар тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен танысамыз. I. Судың түсін ажырату, Судың түсі қандай болады? 1. – тәжірибе. 1 - стаканда су – қасық салу. Көрінеме? 2 - стакандасүт – қасық салу. Көрінеме? 2. Тәжірибе.Судынтүсінөзгерту. Әрбалағабояужағылғанқылқалам беру. Суды арластырады. Тәрбиеші: Судыңтүсінөзгертуге бола ма? Сергіту сәті болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып. Ағаштарға су құйып, Өсіреміз сая бак.	Бізді қоршаған орта. Тірі және өлі.Жануарлар, гүлдер, ағаштар. Қар, су, тас, жаңбыр, күн. Жаңбыр.  су  Сумен жуынады Гүл суарады, малдар су ішеді. Сылдыр, сылдр, сылдыр су, Сылдыр суға бетінді жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Судың да сұрау бар. Су - тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ Су - тазалықтың досы. Суға түкірме. Суды ластама. Көрінеді.

	<p>3. Тәжірибе. 2 стакан, пішіндері әр түрлі.  Бұлардың ішінде су бар.  Судың пішіні қандай?  Тәрбиеші: Суды қандай ыдысқа құйсаң ыдыстың пішіні сондай болады.</p> <p>4. Тәжірибе. Енді стаканға құм салам. Ол да стаканың пішініндей. Сондай құм сұйық зат болғаныма? Осыны тексеріп көз жеткізейік.  Суды жалпақтабақ қатөгем, су жайлы шкетті.  Яғни су = сұйық зат.  Ал құмды төгейін, ол үйіліп қалды.  Олай болса, құм сұйық зат емес, сусымалы зат екен. Демек, су мен құм әртүрлі заттар екен.  Құм – сусымалы зат.</p> <p>5. Тәжірибе. Мұз, жылы су, ыстық су, салқын су.  Мұзды алақанға салып перту.  Қайнағаны ыстық суы бар  шәйнектің қақпағына шасақбушығады.  Су қайнағанда бутамшыларына айналады.</p>	<p>Көрінбейді.  Болады.</p> <p>Қимылдарын жасады</p> <p>Стаканның пішіндей.</p> <p>Су – сұйық зат.</p>
<p><b>Рефлексік түзету</b></p>	<p>Біз бүгін не істедік?  Нелерге?</p>	<p>Балалар өз ойларын айтып, тәжірибе жасағандарын бір-біріне қызығушылықпен бөліседі.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу.** Судың сұйық зат екенін білу.

**Игеру:** Тәжірибе арқылы судың қасиеттерінің өзгеріп отыратынын меңгерту.

**Меңгеру:** Тәжірибе жасап, бастаған істерін аяғына жеткізе алады.

Фекіткер;  
Әресеу

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы: «Гүлдер» тобы

Күні: 11.11.2022ж

Тәрбиеші: Алматова.Г.У.

Білім беру саласы: Таным.Әлеуметтік орта

Бөлімі: Вариатив.Экология

Тақырыбы: «Магниттің қасиеті»

**Мақсаты:** Балаларға магнит туралы түсінік беру. Оның түрлі қасиеттерімен танысуға қызығушылық таныта алады. **Қолданылатын көрнекіліктер құралдар мен жабдықтар:** Магнит, темірден жасалған әртүрлі заттар, ойыншық қуыршақтар, арпа, мата, қағаз, ағаш кесінділері,

Әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. «Әрқашан аман болайық!»	Балалар жақсы көңіл-күймен амандасады.
Ұйымдастыру іздену	<p><b>Карлсон:</b> (жәй қорқып) ой-ой-ой, енді не істеймін? Ой-ой-ой. Карлсон, саған не болды? Неге сонша үрейің ұшып кеткен?</p> <p><b>Карлсон:</b> (күбірлеп) тыныш, шуламандыр, мен қорқамын. Неден қорқасың?</p> <p><b>Карлсон:</b> Менің арқама бірдеңе жабысып қалды. Алсам қайтадан жабысады. Соның кесірінен, менің моторым істемей қалды. Мен одан қорқамын. Кәне көрсетші, ол не нәрсе екен?</p> <p><b>Карлсон:</b> Жоқ-жоқ. Сендерде қорқып қаласындар? Ой, Карлсон! Бұл кәдімгі магнит қой.</p> <p><b>Карлсон:</b> Сендер одан қорықпайсындар ма? Міне, енді түсіндім Карлсон! Кәне балалар, Карлсонның маторына жабысып қалған заттың қалай аталатынын бәріміз бірге айтайықшы.</p> <p><b>Карлсон</b>(қуанып) ура-а-а!Енді мен ұшамын. Жарайды Карлсон, сен бүгін біздің ұ.о.і.ә қатысып магнит туралы толық алағой. -ал, балалар бүгінгі біздің Ұ.О.І.Ә.тақырыбы: «Магнит»-деп аталады.</p> <p><b>1.Тәжірибе.</b> -балаларға магнит тарату, үстел үстінде әртүрлі темірден жасалған заттар. Магнитті алып үстел астынан, үстел үстіндегі заттарды жылжыту. Ал, енді мен сендерге ертегі айтып берейін. Ертеде бір кішкентай қыз болыпты. Оның өгей, бұзық шешесі бар екен.Бір күні патша, бүгін Хан сарайында үлкен бал болады, деп хабарлайды. Қыздың өгей шешесі балға баруға дайындала бастайды.Оны естіген</p>	жоқ, біз қорықпаймыз. Жоқ, магнит ешқандай қорқынышты емес, ол жәйғана, жабысып қалады. -ал, сенің маторың темірден жасалған, сондықтан ол саған жабысып қалған. Магнит.